



# БУЛАНДЫ АОРАРАТ



№ 51 (346)  
30.12.2022



Аудандық қоғамдық-саяси газет  
Районная общественно-политическая газета

## Аудан әкімі Т. Ерсейітовтың келе жатқан Жаңа 2023 жылмен құттықтауы

Құрметті бұландылықтар!  
Сіздерді келе жатқан жаңа 2023 жылмен құттықтаймын!

Жаңа жыл – өткен жылға баға беріп, жаңа бастамалар мен ізденістерге тың қадам жасайтын мереке. Барша адамзат бұл күні өткенді ой елегінен өткізіп, саралап, жаңа жылға таза ниетпен, болашаққа деген мол сеніммен аттағанды қалайды.

Осы тұрғыда жаңа жыл ұшқыр арман-қиялдарыңыз бен ақ тілек-ниеттеріңіз орындалатын жарқын да көңілді, табысты әрі мақсатты жыл болуын тілеймін!

Ең бастысы, Отанымыз гүлденіп, көркейе берсін, әр шаңырақ қуанышқа бөленіп, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!



## Поздравление секретаря районного маслихата Ш. Кусаинова с наступающим Новым 2023 годом

Дорогие, земляки!

Новый год - замечательный праздник надежд, ожиданий чуда и всего самого хорошего!

В 2023 году хочется вам пожелать финансовой стабильности, семейного благополучия и уверенности в завтрашнем дне. Пусть осуществится все задуманное и запланированное! Пусть год будет плодотворным и продуктивным. Чтобы все ваши задумки были реализованы беспрепятственно и удача сопутствовала вам. Чтобы Новый год принес вам огромный заряд бодрости, крепкое здоровье, душевный покой и оптимизм.

Всего вам доброго и хорошего в Новом году!

## ЖАҢА НИЕТ, ЖАҢА АРМАН, ЖАҢА БЕЛЕСТЕР

Жаңа жыл мерекесі - әлемдегі қуанышқа толы ғажайып мерекелердің бірі. Бәріміз Жаңа жылдан жаңа бақыт күтеміз, болашаққа сенімді қарап, жаңа жоспарлар белгілейтініміз анық. Ал балалар қауымы үшін бұл мереке ерекше көңіл-күй сыйлайды, өйткені олар қызықты іс-шараларға қатысып, сыйлықтар алып, ертегілердің сүйікті кейіпкерлерімен кездеседі.

Осындай қызыққа толы мерекелік дәстүрлі кездесу ауданымыздың басты мәдени ошағы – аудандық Мәдениет үйінде – өз мәресіне жетті. Ол – аудан әкімі Талғат Ерсейітовтың қатысуымен өткен жаңажылдық ертеңгілік. Шақырылған қонақтар қатарында – жасы кішкентай болса да тағдырдың сынағына көніп отырған: жастайынан жетімдіктің ащы дәмін татқан, ата-анасының қамқорлығынсыз және патронатты тәрбиедегі балалар. Әрине, бұл балалардың әлеуметтік санаты сөзбен айтқанда өте ауыр болса да, олар жан-жақтан қамқорлықпен және жан жылуымен қамтылған. Тұрып жатқан үйлері бар, туыстары қамқорлығына алған, көңілін тауып бағып-қағады, мектеп тарапынан да үнемі қолдау көрсетіліп тұрады.

Аудан әкімі балалар қауымын келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, зор денсаулық, оқуда озат болуды, өмірдің биік белестерін бағындыруға тілектес екенін айтып, бақытты балалық шақ, барлық армандардың орындалуын тіледі. Аудан әкімі балаларға тәтті сыйлық, мойынорағышы бар тақия және ең кішкентайларға жұмсақ ойыншық сыйға тартты.

Іс-шараға, сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары Кенжебике Исмағамбетова, аудандық білім беру бөлімінің басшысы Әлия Жолдығұлова, білім беру бөлімінің көп жылдар бойы қамқоршылық және қорғаншылық бойынша маманы Татьяна Максимова, мектеп басшылары, ұстаздар, қамқоршылар қатысты.

Мерекенің басты қонақтарына арналып тамаша мерекелік сценарий ойнатылып,



аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері театралықтанған көрініс ұсынды, ал балалар түрлі-түсті ойыншықтармен, жарқыраған шамдармен безендірілген орман ханшайымы - шыршаны – қол ұстаса айналып, әндер орындап, би билеп, ойындарға қатысты. Жаңа жыл мерекесінің символына айналған Аяз Ата мен Ақшақар мерекенің қонағы болып, балаларға жүрекжарды тілектерін арнады. Ал дайындалып келіп, Аяз Атаға тақпақ оқыған балалар атаның қоржынынан тәтті сыйлықтар алды.

Айта кететін жайт: балалар түрлі жаңажылдық киімдер киіп, көрермендерді тәнті етті. Олардың ішінде ауа бұлтының костюмін киіп келген Аружан Жанабаева еріксіз көзге түсті. Аружан – Аққайың негізгі мектебінің 8 сынып оқушысы. Әдемі комтьюмді әжесі екеуі тіккен екен, біраз уақыт арнап, еңбектенгені көрініп-ақ тұр.

Шара соңында балаларды аудандық білім бөлімі ұйымдастырған тәтті столға шақырды. Бұл – жылдар бойы қалыптасқан керемет дәстүр деуге де болады, себебі Жаңа жыл мерекесін барлық адамзат үстел басында жиналып қарсы алады емес пе? Берекелі, мерекелі, толыққанды, ырысты, асы мол жыл болсын деген ақ ниетпен дастархан басында жайғасып, жылы тілектерді жаудырады.

Қоғамның кішкентай мүшелерін назардан тыс қалдырмай, оларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында ұйымдастырылған ертеңгілік жоғары деңгейде өтіп, бабалардың және қамқоршылардың зор алғысына ие болды.

Жаңа жыл, шын мәнінде қызыққа, тылсым қиялға толы мейрам. Келе жатқан жылымыз елімізге тек қана құт-береке, амандық пен молшылық әкелсін! Балаларымыздың өмірі қызықтарға тола берсін!

А. АМАНЖОЛОВА.



## Мәслихат сессиясында

Аудан әкімі Талғат Ерсейітовтың қатысуымен аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы өз мәресіне жетті. Күн тәртібі бойынша «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» мәселенің аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы В. Н. Гылка сөз сөйледі.

Бұланды ауданының ТЖ басшысы Р.Д. Солонец күн тәртібіндегі «Бұланды ауданындағы төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары туралы» күн тәртібінің екінші сұрағы бойынша баяндама жасады. Төтенше жағдайлардың алдын алу тақырыбында аудандық білім бөлімінің басшысы А.А. Жолдығұлова білім беру мекемелерінің ғимараттарынан қазандықтарды шығару туралы жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы қосымша баяндама жасады.

Сессия барысында Бұланды аудандық мәслихатының 2023 жылға арналған жұмыс жоспа-

ры, сондай-ақ аппараттың құрылымы, штаты, аудандық мәслихаттың қызметін қамтамасыз етуге, оның аппаратын ұстауға арналған шығыстар бекітілді. Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша аудандық мәслихаттың 2023 жылға арналған кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер айтылды.

Кезекті сессияның қарауына шығарылған мәселелер талқыланып, олар бойынша бірауыздан шешімдер қабылданды.

Сессия жұмысына аудан әкімі Т. Ерсейітов, сондай-ақ әкімнің орынбасарлары, қала және ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік бөлімдердің басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелердің басшылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

ӨЗІМІЗДІҢ АҚПАРАТ.

## На сессии маслихата

С участием акима района Талгата Ерсейитова состоялась очередная сессия районного маслихата. «О районном бюджете на 2023-2025 годы» информировала руководитель районного отдела экономики и финансов В. Н. Гылка.

С докладом «О мерах по предупреждению чрезвычайных ситуаций в Буландынском районе» выступил руководитель ОЧС Буландынского района Р. Д. Солонец. Продолжила доклад главного спасателя района, в части предупреждения чрезвычайных ситуаций в организациях образования, руководитель районного отдела образования А. А. Жолдығұлова, информировала актив о выносе котельных из зданий школ.

В ходе сессии был утвержден план работы Буландынского районного маслихата, а также

структура, штат аппарата, расходы на обеспечение деятельности районного маслихата, содержание его аппарата на 2023 год.

Также были озвучены основные вопросы, вносимые на рассмотрение очередной сессии районного маслихата на 2023 год.

Вопросы, вынесенные на рассмотрение очередной сессии, были обсуждены и по ним приняты единогласные решения.

В работе сессии принял участие заместитель акима, заместители акима района, акимы города и сельских округов, руководители государственных отделов, представители правоохранительных органов, руководители предприятий, организаций и учреждений, представители средств массовой информации.

СОБ. ИНФ.

## 2022 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ

**Primeminister.kz** сайтының редакциясы Қазақстанның 2022 жылғы даму қорытындылары туралы жарияланымдар сериясын жалғастырады. Кез келген елдің экономикасының жай-күйін бағалауға болатын маңызды көрсеткіштердің бірі – өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мұнай және газ өндіру, логистика сияқты және т.б. негізгі салаларда жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру Үкіметтің басты міндеттерінің бірі болып қалады: отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдайлар жасалады, әзірленіп жатқан жобаларға мұқият мониторинг жүргізіледі, әртүрлі бағыттарда мемлекеттік қолдау шаралары іске асырылады, салықтық ынталандырулар мен преференциялар қолданылады, шынайы нарықтық бәсекелестікті күшейту жөніндегі шаралар кешені іске асырылады, заңнамалық және сот практикасы жетілдіріледі.

Экономиканың нақты секторын нығайту қоғамдық өмірдің басқа да салаларына оң мультипликативті әсер береді, нәтижесінде бұл жаңа жұмыс орындарының ашылуына және азаматтардың әл-ауқатының артуына әкеледі.

### ӨНЕРКӘСІП

Экономиканың маңызды салаларының бірі болып табылатын өнеркәсіп саласынан бастай отырып, жаңа өндірістердің ашылуына назар аударайық.

Мәселен, осы жылы тамақ, жеңіл және химия өнеркәсібі, машина жасау, фармацевтика, мұнай өңдеу және т. б. секторларда кәсіпорындар өз жұмысын бастады.

Жалпыұлттық пул шеңберінде биыл құны 2 трлн теңге болатын 160 жоба жүзеге асырылды және 15,7 мың тұрақты жұмыс орны құрылды.

Негізгі жобалардың бірі ретінде Атырау облысында қуаттылығы жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін зауытты ерекше атап өтуге болады. Ол бірден осы өнімді әлемдік өндірушілердің ең озық ТОП-10 енді.

Саран индустриалды аймағында қуаттылығы жыл сайын 3,5 млн шина шығаратын алғашқы отандық зауыт өз жұмысын бастады. Отандық автомобиль өндірушілердің қажеттіліктерін толығымен жабуға оның мүмкіндігі жетеді деп күтілуде. Жобаға тартылған инвестиция көлемі 171 млрд теңгені құрады.

Шымкентте «Оңтүстік» индустриалды аймағы базасында алюминий банкарлар мен сусындарға арналған қақпақ түрлерін шығаратын Орталық Азиядағы ең қуатты зауыттардың бірі (жылына 500 млн дана, ҚР ішкі қажеттілігін 65%-ға жабады), Шығыс Қазақстан облысында – май экстракциялық зауыты (жылына 300 мың тонна, 100% экспортқа жіберіледі), Маңғыстау облысында – сорғы штангалары мен муфталар шығаратын зауыт (жылына 650 мың дана өнім шығарылады, ішкі қажеттілікті 78%-ға жабады) ашылды, Жамбыл облысында – минералды тыңайтқыштар өндірісі кеңейтілді (жылына 1,5 млн тонна, Қазақстанда осы өнім шығаруды 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді).

Жалпы, 2022 жылғы барлық жаңа жобалар жобалық қуаттылығына шыққан кезде олардың жиынтық өндіріс көлемі шамамен 1,7 трлн теңгені құрайды, оның ішінде экспорт – 1,1 трлн теңге, импортты алмастыру – 0,6 трлн теңге.

Жыл бойы Үкімет Қазақстанға бірқатар ірі шетелдік компанияны көшіру бойынша белсенді жұмыс жүргізді. 62 компания бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізді: 21-і релокацияланды, 13-і пысықталуда, тағы 28-імен белсенді келіссөздер

жүргізілуде.

Атап айтқанда, Honeywell (АҚШ) компаниясы Атырауда газ талдауыштарды, ал Алматыда басқару шкафтарын шығара бастады. Алдағы уақытта есептегіштер мен электр құрылғыларының өндірісін ашу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

Петропавлда Ural Motorcycles (РФ/АҚШ) ауыр арбалы мотоциклдер өндірісі көшірілді.

Weir Minerals (Ұлыбритания) Алматыда сорғы жабдықтарын, гидротурбиналар, бекіту арматурасын құрастыру және қалпына келтіру жөніндегі өндірістік орталығын ашты.

Қараша айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы автомобиль шығаратын Great Wall Motors (ҚХР) зауытының

мүмкіндік берді: 1068 бірлік техника, оның ішінде 188 комбайн мен 880 трактор сатып алынды.

Барлық қабылданған шаралардың нәтижесінде, атап айтқанда, дөңді дақылдардың соңғы 10 жылда болмаған ең жоғары өнімі алынды. Мәселен, астықтың орташа өнімділігі 14,2 ц/га болып, бункерлік салмақта 22,8 млн тонна астық бастырылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 26%-ға артық. Жиналған астықтың 80%-дан астамының сапасы жоғары.

Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға, фермерлік қоғамдастықтың пікірін барынша ескеруге және

– Мойынты теміржол учаскесінің екінші торабының құрылысы басталды, бұл – теміржол инфрақұрылымы саласындағы ең ірі жоба. Бұдан басқа, бірқатар жобалар әзірленуде: Дарбаза – Мақтаарал (106 км, 2024-2025 жылдар), Бақты – Аягөз (270 км, 2024-2025 жылдар), Алматы айналмалы жолы (73 км, 2023-2024 жылдар).

Ірі инфрақұрылымдық бастамалармен қатар магистральдық теміржол желісін және кірме жолдарды жаңғырту бойынша жоспар жасалды. Алдағы үш жылда 2 мың шақырымнан астам темір жолды күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Халықаралық көлік бағыттарын дамыту шеңберінде Қазақстан Әзербайжан, Түркия және Грузия елдерімен 2022-2027 жылдарға

оны 2023 жылы аяқтау жоспарланып отыр. Қарашығанақта қосымша 3 млрд текше метр газды өңдеу бойынша жоба пысықталуда.

Жер қойнауын пайдаланудағы күрделі жобаларды іске асыру үшін биыл бірқатар фискалды және реттеушілік преференцияларды көздейтін жақсартылған модельдік келісімшарт енгізілді. Атап айтқанда, бұл 2023 жылы Қаламқас-Хазар және Қаратон кен орындары бойынша \$9 млрд құрайтын инвестициялық жобаларды бастауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Атырауда қуаттылығы 1,2 млн тонна полиэтилен өндіру жобасын әзірленіп жатыр. 2023 жылы Атырау облысында жалпы инвестиция көлемі \$1 млрд болатын бутаден және Батыс Қазақстан облысында метанол өндіретін зауыттардың құрылысына дайындық жүргізілді.

Тағы бір маңызды бастама – Kazneda ақпараттық жүйесін енгізуді көздейтін геологиялық саланы дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдау. Бүгінгі таңда платформа пилоттық режимде іске қосылды. Онда Қазақстанда жер қойнауын пайдалануға берілетін барлық учаскелер туралы ақпарат ұсынылады.

### ЭНЕРГЕТИКА

2022 жылы Ақтөбе ЖЭО-да қуаты 57 МВт газ турбиналық қондырғы іске қосылды, 385 МВт-қа 12 ЖЭК жобасының құрылысы аяқталды, 1200 МВт-қа маневрлік қуаттарды іске қосу және жиынтық қуаты 440 МВт ЖЭК жобаларын іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық өткізілді.

Энергия өндіруші ұйымдардың қолданыстағы активтерін, сондай-ақ елді

мекендердің инженерлік желілерін реконструкциялауға, жаңғыртуға және кеңейтуге мүмкіндік беретін «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы әзірленді. Атап айтқанда, бағдарламаны іске асыру нәтижесінде салаға жыл сайын 400 млрд теңге дейін инвестиция тарту, 2035 жылға қарай өндіруші қуаттардың тозу деңгейін 15%-ға төмендету, апаттарды азайту және азаматтарға тұрақты қызмет көрсету бөлігінде нарық қатысушыларының қарсы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету жоспарлануда.

Сутегі энергетикасын дамыту шеңберінде 27 қазанда ҚР Үкіметі мен Svevind компаниясы арасында қуаттылығы күніне 50 мың текше метр болатын су тұщыту зауытын, 40 ГВт дейінгі жаңартылатын энергия көздері станциясын және өндірістік қуаттылығы жылына 2 млн тонна сутегі қондырғыларын салу жөнінде келісімге қол қойылды.

8 қарашада ҚР Үкіметі мен Fortescue компаниясы арасында жаңартылатын энергия көздері жобаларын іске асыру және Қазақстанда «жасыл» сутегі өндіру туралы келісім бекітілді.

30 қарашада Мемлекет басшысының Францияға сапары аясында климатты сақтау саласында арнайы келісімге қол қойылды, оның шеңберінде қуаты 1 ГВт гибриділік электр станциясын және Жамбыл облысында Мирный кентінің маңында энергия жинақтау жүйесін салу жоспарлануда.

Бүгінде Қазақстанда инвестициялар тарту және кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау бағытында дәйекті жұмыс жүргізіліп жатыр. Нәтижесінде өнеркәсіп объектілерінің саны ұлғайып, инфрақұрылымды біртіндеп жаңғырту ісі алға жылжуда, сондай-ақ экономиканың негізгі салаларында жаңа жұмыс орындары құрылып жатыр. Алдағы жылдары да басым секторларда еліміздің экономикалық тиімділігін мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар «әзірлік» жобаларды іске асыру көзделіп отыр.



## 2022 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ

іретасын қалау рәсіміне қатысты.

Сондай-ақ нидерландтық Corperet компаниясы биотыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау зауытын, ал Knauff неміс компаниясы гипсокартон өндіретін кәсіпорын ашуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар биыл Елішілік құндылықты және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамытудың 2026 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданды. Оның негізгі мақсаты – ішкі нарықты кейіннен экспортқа шығарылатын отандық өндірістің бәсекеге қабілетті тауарларымен қанықтыру. Жалпы, Бағдарлама шеңберінде 761 тауар шығаруды жолға қою жоспарлануда, бұл болашақта шикізаттық емес экспортты шамамен \$15 млрд-қа ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ 4% жеңілдікпен автонеиеу бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда оның аясында 97 млрд теңге игеріліп, 12,4 мың автомобиль берілді. 2023 жылғы қаңтарда бағдарламаны қайтарымды қаражат есебінен қаржыландыруды жалғастыру жоспарланып отыр, бұл қысқа мерзімді перспективада қазақстандықтарға тағы 1300-ге жуық автокөлік ұсынуға мүмкіндік береді.

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2022 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы саласы ең жоғары өсу қарқынын көрсетті: жалпы өнім көлемі 8,5%-ға ұлғайып, 8,8 трлн теңгені құрады.

Биыл әлемдік азық-түлік нарығында қалыптасқан құбылмалы жағдайға байланысты ықтимал тәуекелдерді азайту үшін көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру көлемі 2 есеге – 110 млрд теңгеден 220 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жасыл даму» АҚ қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне тағы 40 млрд теңге бағытталды. Бұл фермерлер үшін ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін едәуір арттыруға

ауылдағы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік беретін субсидиялау жүйесі әзірленді.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында 2022 жылы 214 млрд теңгені құрайтын 227 инвестициялық жоба пайдалануға берілді, ал жыл соңына дейін олардың санын 237-ге жеткізу жоспарлануда. Мемлекет меншігіне 5,2 млн га ауыл шаруашылығы жерлері қайтарылды, 2023 жылы тағы 5 млн га қайтару көзделген. Сондай-ақ көкөніс қоймаларын салу және жаңғырту жөніндегі кешенді жоспар одан әрі іске асырылды, оның шеңберінде 2021-2022 жылдары қуаты 201,1 мың тонна болатын қоймалар іске қосылды (бұл – жоспардың 111%-ы).

Айта кетейік, негізгі азық-түлік тауарларымен өзін-өзі толық қамтамасыз ету жөніндегі индикаторларға қол жеткізу үшін осы жылы елдің Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2024 жылға дейінгі жоспары және қант саласын дамытудың бес жылдық кезеңге арналған кешенді жоспары қабылданды. Нәтижесінде республикада азық-түлік өндірісі 4,2%-ға, оның ішінде өсімдік майы 51%-ға, қант 46%-ға, жарма 18%-ға, балық (жаңа ауланған, салқындатылған және мұздатылған) 18%-ға, ұн 11%-ға, өңделген күріш 5,5%-ға, шұжық өнімдері 5,4%-ға, макарон 4,5%-ға өсті.

### КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫ

Қазақстанның негізгі экономикалық артықшылықтарының бірі жоғары көлік-логистикалық әлеует болып табылады. Оны одан әрі дамыту үшін 2030 жылға дейінгі тиісті тұжырымдама әзірленді. Құжат аясында жолаушылар мен жүк жеткізу жылдамдығын арттыру, цифрландыру мен зияткерлік басқару жүйелерін енгізу, экономикалық жағынан белсенді орталықтар мен елді мекендер арасындағы көлік қатынастарын дамыту, халықаралық транзиттік-көлік дәліздерінің, логистикалық терминалдардың және т. б. өткізу қабілетін арттыру жөніндегі шаралар қарастырылған.

Құзде ұзындығы 836 км Достық

арналған «тар» дәліздерді синхронды жою және Транскаспий халықаралық көлік бағытын нығайту жөніндегі бірлескен Жол картасына қол қойды. Бұл тұрғыда мемлекет Ақтау және Құрық порттарының өткізу қабілетін арттыруды, «контейнерлік хаб» салуды, сондай-ақ сауда флотын 10 жаңа пароммен толықтыруды жоспарлап отыр. Осыған ұқсас шаралар басқа қол қоюшы елдер тарапынан қабылданады деп күтілуде.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан Темір жолын» Ұлттық көлік-логистикалық компанияға трансформациялау процесі басталды. Бүгінгі таңда ҚТЖ жанынан құзыреттілік орталығы құрылды, оның негізгі міндеті жаңа логистикалық өнімдерді ұйымдастыру және транзиттік жүк ағындарын трансқазақстандық маршруттарға қайта бағдарлау болып табылады.

Жол құрылысының сапасын арттыру мақсатында Қазақстанның климаттық жағдайларына сай келетін озық технологиялар мен жаңа отандық материалдарды енгізуге бағытталған автожол саласын реформалау бойынша жұмыстар қолға алынды. Жалпы қолданыстағы автожол желісінің жалпы ұзындығы 2022 жылдың басында 96 мың км құрады, оның ішінде 24,9 мың км – республикалық желі және 71 мың км – облыстық және аудандық маңызы бар жолдар. Осы жылы 7 мың шақырым жолда құрылыс жұмыстары жүрді. Жалпы 2025 жылға қарай республикалық жолдардың 100%-ын және жергілікті жолдардың 95%-ын нормативтік жағдайға келтіру, сондай-ақ 52 автомобиль өткізу пунктін жаңғырту жоспарлануда.

### МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ

2022 жылы экономиканың ең дамыған салаларының бірінде ауқымды жұмыс атқарылды. Мәселен, Қашағанда қуаттылығы 1,1 млрд текше метр болатын газ өңдеу зауытының құрылысы басталды, Теңіз кен орнында Сағалық қысымды басқару жобасы бойынша қарқынды жұмыс жүргізілді,

## ҒҰМЫРЫ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ АБЫЗ

Мерейтой

Жаңа жылдың алғашқы күні ауданымыздың «Құрметті азаматы», Қазақ ССР-ы білім беру саласының үздігі, «Жыр десте», «Сағыныш», «Білгенге маржан» жыр жинақтарының авторы Ермек Қаратайұлының туған күні. Ауданымызда қаламынан қасиет кетпеген Ермек атаны білмейтін жан жоқ. Ой салар өлеңдері газет беттерінде тұрақты жарияланып тұрады. Бұрындыры алған сұхбатымызда Ермек ата өзі жайлы былай деген еді:

- 1930 жылы 1 қаңтар күні сол кездегі Макин ауданы Қыстау-Қарағай ауылында дүниеге келдім. 1932 жылы ашаршылыққа шалдықпай, әке-шешемнің арқасында құрыштай шынығып, 1937 жылы бірінші рет мектеп табалдырығын аттадым. Менің туған ауылым Макин ауданына қарасты Қыстау-Қарағай ауылында жеті жылдық мектеп болған. Мат, Ортақшыл, Қызылбай, Ұлтуған, Еркіндік ауылдарының балалары өз ауылдарында төрт сыныптық мектепті бітірген соң біздің ауылға келіп оқитын. Осы ауылдағы жеті жылдық мектепті бітірдім. 1944 жылы мектеп директоры маған: «Сені бір айлық мұғалімдер курсына жіберіп, мектебіміздің бастауыш сыныптарына мұғалім етіп тағайындаймыз, оған қалай қарайсың?» деді. Мен не айтарымды білмей сасқалақтап: «Ағай мен әлі баламын ғой және білімімде жоқ қалай сабақ беремін», - деп едім: «Сен сабақты жақсы оқыдың. Бір ай саған сабақ беру тәсілдерін курста үйретеді. Біз де көмектесеміз», - деген соң келістім. Бір жағы балалардың алдындағы мақтаныш итермеледі ме? әлде соғыс уақытындағы ауыр жағдай әсер етті ме, әйтеуір мұғалімдікке барғым келді. Сондағы бір айлық жалақы 25 сом болатын. 14 жасар мені мұғалімдікке дайындаудың себебі мұғалім жігіттерді майданға алып кеткен. Мектепте қалған жасы егде тартқан мұғалімдер мамандықтарына сәйкес келмесе де әрқайысы екі-үш пәннен сабақ беретін. Ал, бастауыш сыныптарда мұғалімдер болмады.

Мектептің шаруашылық жағын басқаратын ағай колхоздан бір өгізді сұрап алып, арбаға жекті де мені Возносенка орта мектебіне алып барды. Директорымен кездестірді де өзі ауылға кетті. Мен секілді ауылдардан келген екі-үш бала бар екен. Ішіндегі ең кішісі мен болдым.

Курс бітіріп үйге келген соң мектеп директоры маған бірінші сынып оқушылары мен үшінші сынып оқушыларын қатар бір мезгілде оқытасың деп сынып бөлмесін көрсетті. Парталары қазіргідей жас балаларға арналған емес, бойлары жетпейді биік, қабырғадағы тақтаның сыры кетіп, ағарыңқыраған. Бөлменің арт жағында екі-үш шкафта кітаптар тұр. Ауызына құлып салынған. Директор маған қарап: «Мына кітаптарды кішкентай балалар ала қоймас, сонда қарап жүр. Кітапханадан қалған кітаптар осы ғана. Былтыр ересек оқушылар шкфты ашып біраз кітаптарды алыпты. Өйткені жазу жазатын, есеп шығаратын дәптер, не басқа қағаз деген жоқ. Жазуды кітап бетіндегі жолдардың арасына жазып жүр», - деді.

Оқу жылы басталып бірінші рет сабаққа

кіргенімде ересек балалар орындарынан атып тұрып, шуылдап менің қасыма келді. Олар мені мұғалім деп ойлаған да жоқ. Ананы-мынаны сұрап тынышталар емес. Түсінуге болады, бәрі кешегі өзім бірге асық ойнап жүрген балалар. Сонда да өз мұғалімдік міндетімді атқаруға кірістім. «Мен сендердің мұғалімдеріңмін, тынышталыңдар, сабақ бастаймыз», - деп дауысымды қаттырақ шығардым. Барлығының көздері алақандай болып орындарына отыра бастады. Осылайша «бала мұғалім» атандым. Бұл 1944-1945 оқу жылы.

Соғыс жылдарында жаз бойы колхоздың жұмысында болып, жер жырттып, егін салуға, егін оруға шамамыз келгенше қатыстық. Қабырғамыз қатпаған жас бала болсақ та жаз бойы егістікте, қысқа сол жерлерге қар тоқтату үшін тымбай еңбек еттік. Сол үшін 1945 жылы мені «1941-1945 жылдардағы ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Сол медалды кеудеме тағып мектепке барып жүрдім. Содан бастап маған «орденді мұғалім» деп ат қойып алды. Осылайша бала ұстаз болып сабақ берген екі жылым өте шықты. 1946 жылы Ақмоланың педучилищесін бітірген бірнеше қыз мектепке қызметке келіп, бастауыш сыныптарының мұғалімдері болып тағайындалды. Мұғалімдік қызметтен босаған мені колхоз басқармасы есепшінің (бухгалтердің) көмекшісі етіп жұмысқа қабылдады. Бухгалтерлік қызметті көріп мен де бухгалтер болсам деген ойға қалдым. Бірақ білімім жетіспегендіктен он жылдық білім алу мақсатымен 1948 жылы Степняк қаласындағы он жылдық мектепке оқуға түстім. 1950 жылы орта білім алдым.

Осы жылы Қарағанды мұғалімдер институтына оқуға қабылдандым. Орыс тілі және әдебиет мамандығын алған соң жолдамамен Степняктағы Абай мектебіне жіберді. Кейін мектепте қызмет істеп жүрген мені аудандық партия комитеті жергілікті «Социалистік құрылыс» газетіне жауапты хатшы етіп тағайындады. Ол кезде мақалалардың көпшілігін радио арқылы қабылдап, газетке тергізетінбіз. Бұл 1953 жыл болатын. Осы жылдың аяғында аудандық комсомол ұйымының конференциясы болып, мені аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайлады. 1954 жылы тың игеру басталғанда комсомол комитетіне болашақ совхоздарға жолдама беріп, трактор, автокөлік жүргізушілерін, слесар, плотник сияқты адамдарды жіберу міндеттелді. Беларусь, Россиядан келген тың игеруші жастарды Макинка станциясында қарсы алып оларды болашақ совхоздардың орнына апарып жайғастыру менің еншіме тиді. Қыстың аяғы, қар қалың. 150-200 шақырым жердегі совхоздарға тың игерушілерді апрау үшін С-80 шынжыртабан тракторға бөренелерден жасалған үлкен шана тіркедік. Үсітне вогон тәрізді үй орнатты, ішіне темір бөшкеден пеш жасады. Барар жерге жеткен соң әскерлік палаткаларды қар үстіне тігіп, жастарды сонда орналастырдық. Жаңа жерде жаңа өмір басталды. Келген жастардан комсомол ұйымдарын құрдым. Совхоздардың құрылысын жүргізу үшін бригада жасақтадық. Тұрмыс нысан-



дарын салу қажет болды. Баспана, наубайхана, асхана салу үшін қазіргідей материал болмады. Баспана салу үшін тақтайдан қос қабырға қалап, ортасын буган қамыс пен жылылаған болдық. Алматыда өнертапқыштардың біреуі қамыс буатын прес-станок ойлап тапқан екен бізді Алматыға Комсомолға шақыртып әлгі станоктың сызба жобасын қолымызға берді. Степняк қаласында техника жөндейтің зауыт болған әлгі станокты сонда дайындап совхоздарға жеткіздік. Мұндай жұмыстарды жүргізу үшін жастар бригадасы құрылды. Бастауыш Комсомол ұйымын «Золотая Нива» совхозында мен ашқан болатынмын. Сол жастармен көптеген жұмыстар атқарылды. Сол еңбегім үшін «Тыңға 50 жыл» медалімен марапатталдым. Степняк қаласы бұрын тек қала статусында болатын. 1955 жылы аудан орталығы Казгарадок ауылынан Степнякқа көшірілді. Қалалық мекемелер жабылып аудандық мекемелер жұмыс істей бастады.

Кейін осы жаңа орнаған совхоздарда аудандық партия комитетінің уәкілі ретінде егіс уақытында, орақ науқанында комондировкаларда болдым. Бір кезде мен аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарып жүрдім.

Еңбекшілдер ауданында 1960 жылға дейін қызмет істеп, үй іші жағдайымен Макин қаласына көшіп келдім. Қыстау-Қарағайда тұратын әке-шешеме көмектесу мәселесі де алда тұрды. Бұл жылдары ауылға қатынау өте қиын болатын. Автобус жүрмейтін. Автокөлтердің өзі бірең-сараң ғана. Макинқаға келген жылы инспектор қызметін берді. Бұл қызметте 1963 жылға дейін істеп №3 сегіз жылдық мектепке директорлық қызметке ауыстым. Ал, 1968 жылы №2 мектептің директоры болдым. Осы қызметте жүрген жылы екі сегіз жылдық мектепті біріктіру ісі маған жүктелді. Екі мектептің мұғалімдерін біріктіріп

№5 орта мектебін аштық. №5 мектеп жаңа салынған мектеп болғандықтан мектепке керекті жабдықтарды Ақмола қаласынан екі жыл бойы тасуға тура келді. Осылайша 44 жылдық еңбек өтілімнің 30 жылын мектеп директорлығына арнадым. Осы мектепте қызмет ете жүріп 1992 жылы зейнеткерлікке шықтым, - деп түйіндеді әңгімесін.

Ермек атаның шалқар шабытынан туған жаңа өлеңдерін назарларыңызға ұсынсақ:

### ЖАҢА ЖЫЛ

Құтты болсын жаңа жыл қазақ елі,  
Жұлдызы жарқыраған кең пейілді.  
Жаңарып шаруасы бар салада,  
Жаңа жыл Қазақстанға дем береді.  
Қазақ елі өркендеуге бағытталған,  
«Жаңа ел» деп жаһаннан атау алған.  
Тәуелсіздік елімің мақсаты анық,  
Әділет пен адалдыққа арналған.  
Жаңа тарих 2022 жылдан басталған,  
Қазақ халқы ескіні сырып тастады.  
Әділетсіз талай жылды өткерген,  
Ата заңы теріс бағытты растады.  
Әр тарауы Ата заңның айқынды,  
Пәрмені оның тез арада байқалды.  
Қоғам үшін еңбек еткен әр адам,  
Алға қойған мақсаттарын ақтады.  
Әкелсін құт, береке жерімізге,  
Нық орнап әділетті өмір елімізде.  
Жаңа жыл өркендеумен танытсын,  
Басқа елдерден алда тұрып, өзгеше.

### ТЫНЫШ ӨМІР

Қасиеті тіршіліктің тыныштық,  
Кеуде керіп дем алатын тыныстық,  
Кең дүниені сағыммен аялап,  
Маужыратады бар әлемді тылсым қып.

Шаңдатпасын тау мен тасты қопарып,  
Зеңбіректен әлсін-әлсін оқ атып.  
Қала, дала күнжарыңмен иесіз,  
Алтын күмбез ғимараттар жоғалып.

Тыныш өмір – қырдың қызыл гүліндей,  
Дұрыс соғар жұмыр жүрек бүлінбей.  
Көз қызығар әсем дүние орнатар,  
Кемшілігін қолмен түзеп бүтіндей.

Тыныш елде шаттық орнайды кеудеге,  
Ән құйылар домбыраға, пернеге.  
Тыныш елде таза өмір тіршілік,  
Биік тұрар елдің туы әркезде.

Бар әлемнің ой арманы тыныштық,  
Сақтау керек тыныш өмірді бірігіп.  
Ана зарлап, жыламын балалар,  
Көркем болар сонда ғана тіршілік.  
«Абыз» деген атқа тұрарлық айтары бар,  
Ұлт үшін кешер уайымы бар Ермек атаны  
туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.  
Қаламыңыздан қарым кетпей, елді жақсылыққа  
шақырып, жамандықтан тиятын жасы  
жырларыңыз көп болсын.

З. ЖАЙНАРБЕК.

## Жас балуандар белдесті

Тәуелсіздік күніне арналып аудандық мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебінде қазақ күресінен байрақты бәсеке жалауын көтерді. Көршілес Біржан сал, Аққол, Сандықтау аудандарымен қатар Астана қаласынан келген жас балуандар боз кілемде өзара бақ сынады. Жарыс 2010-2012 жылдары дүниеге келген ұлдар және 2008-2010 жылдары дүниеге келген қыздар арасында өтті. Ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Кенжебике Нығметжанқызы Исмағамбетова құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушы балуандарға сәттілік тіледі. Тартысты өткен сайыс нәтижесі бойынша 26 келі салмақта Беколжас Қасқырбай, 29 келі салмақта белдескен Нұрислам Бағылбеков, 32 келіде Мәнди Қасқатаев, 35 келіде Ерали Ақжол мен Батыр Ниетжан, 38 келіде Марғұлан Дәулетбек, 42 келіде Сембай Нұрдаулет, 46 келіде

Ақжол Қуандық және +60 келіде боз кілемге шыққан Максимов Максим 3-орын иегерлері атанды. 2-орыннан Ақан Зандыбай, Дамир Таспаев, Дәулет Мұхаммеджанов, Асылбек Ибраһим және Берікбол Мадияр көрінді. 1-орынды Ерқанат Бақытжан, Алижан Ербатыров еншіледі. Ал, қыздар арасында Толғанай Дарханқызы мен Кристина Лкашенко 3-орынды еншілесе, Әсемай Марат 2-орын иегері атанды. Қыздар арасында топ жарып, 1-орын иеленген Сабина Омарова болды.

Азулы қарсыластардың арасынан топ жару оңай шаруа емес. Әсіресе Астанадан балуандар жарыстың көркін қыздырды. Осындай жарыстардың көптеп өтуі жастарды шыңдай түседі. Алда әлі алар асу, бағындырар белестер көп жерлестерімізге тек сәттілік тілейміз.

З. ЖАЙНАРБЕК.



## Мемлекеттік тілді білу – азаматтық парыз



«Тілдерді оқыту орталығы» КММ - сі 2022 жылды қорытындылап, Орталық түлектеріне мемлекеттік және ағылшын тілі курсын сәтті аяқтағаны үшін сертификаттар табыстады. Сертификатты Бұланды ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Шортаев Серік Төлентайұлы, Орталық басшысы Жайнарбек Зандыбайұлы табыстады. Биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша, барлығы 27 тыңдаушы мемлекеттік және ағылшын тілі курсын сәтті аяқтады. Мемлекеттік тілден он үш тыңдаушы, оның төртеуі «Аудандық полиция бөлімі» ММ-нің қызметкерлері, № 8 МӨСБ – нің 2 қызметкері болса, «Макинск қаласы әкімінің аппараты» ММ –нің 6 әлеуметтік қызметкері, Аудандық мәдениет үйінің 1 қызметкері курсты ойдағыдай аяқтады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік, азаматтық қызметшілерге арналған мемлекеттік тілді оқудың үш деңгейлік жүйесіне сәйкес «ҚАЗТЕСТ» бағдарламасының А2 деңгейін табысты аяқтағаны үшін 11 тыңдаушы, В1 деңгейін табысты аяқтағаны үшін 2 тыңдаушы сертификат алды. Ағылшын тілінен № 8 МӨСБ –нің 14 қызметкері ағылшын

тілінің бастауыш деңгейін табысты аяқтағаны үшін сертификатқа ие болды. Тілді меңгеру деңгейлері бойынша тыңдаушыларға А2 (Базалық деңгей) және В1 (жоғары деңгей) сертификаты табысталды. ҚАЗТЕСТ бойынша тестілеу екі кезеңді қамтыды. Бірінші кезең – деңгейді анықтау үшін диагностикалық тестілеу, екінші кезең – анықталған деңгейді бағалап, растау үшін сертификаттық тестілеу. ҚАЗТЕСТ сертификатының жарамдық мерзімі жаңа стандарт бойынша базалық деңгей (А 2) – 2 жыл, Жоғары деңгей (В1)– 3 жыл. «Тілдерді оқыту орталығы» КММ-і тыңдаушыларды деңгей бойынша оқытады. Өзге ұлт өкілдері бастауыш деңгей, сонымен қатар диагностикалық тестілеу арқылы деңгейін анықтап, жалғастырушы немесе тереңдетілген (жоғары деңгей) тыңдаушыларын деңгейге бөліп оқытады. Оқу мерзімі бастауыш топ тыңдаушылар 3 жыл, жалғастырушы деңгей тыңдаушылар 2 жыл, жоғары деңгей тыңдаушылары 1 жыл оқиды. Курс соңында қорытынды емтихан алынып, деңгейлік білім көрсеткен тыңдаушыларға сертификаттар беріледі.

«Тілдерді оқыту орталығы» КММ.

# ПРАЗДНИЧНЫЙ ДЕКАБРЬ

## БУДЬТЕ СЧАСТЛИВЫ, ДЕТИ!

В завершение Года детей от имени Президента страны Касым-Жомарта Токаева красочное новогоднее представление «Қош келдің, Жаңа жыл – жаңа белес, жаңа арман!» в «Bolashaq sarayı» подарили 200 юным акмолинцам: одаренным ученикам и спортсменам, детям, оставшимся без попечения родителей, из малообеспеченных и многодетных семей. С видеопоздравлением к маленьким гостям праздничного шоу обратился аким области Ермек Маржипбаев.

– Дорогие ребята, вы – наше будущее. Мы, взрослые, делаем все для того, чтобы вы росли и воспитывались в мире и благополучии. Мы и дальше будем создавать для вас лучшие условия для обучения, воспитания, отдыха, – тепло поздравил с наступающим Новым годом Ермек Боранбаевич юных гостей из всех районов нашего региона. – Чтобы вы хорошо учились и проводили с пользой время, мы построили и отремонтировали более 70 школ и детских садов. Открыли порядка 500 кружков и секций, приобрели 60 современных автобусов. В будущем году лучшие из вас смогут отдохнуть и оздоровиться в загород-

ном комплексе «Сункар». Будьте счастливы!

К словам первого руководителя региона присоединилась заместитель акима области Алтынай Амренова. «Наше государство делает все, чтобы вы росли здоровыми, талантливыми, стали настоящими патриотами своей Родины, ценили мир и дружбу!» – сказала она.

В этом году новогодний праздник для ребят из разных социальных категорий начался посреди живописного Зерендинского края в оздоровительном комплексе «Сункар». От имени Президента РК Касым-Жомарта Токаева каждый юный участник мероприятия получил денежный сертификат на 100 тысяч тенге, открытку и сборник сказок.

А на следующий день веселое красочное театрализованное представление со спецэффектами, современными сказочными героями в ярких костюмах – символом года Кроликом, Дедом Морозом и Снегурочкой – подарили студенты Высшего колледжа культуры имени Акана серез, окружив ребят в новогоднем хороводе. Дети с удовольствием фотографиро-



вались в нескольких со вкусом оформленных фотозонах, организованных в «Bolashaq sarayı».

– Наша главная задача – подарить всем новогоднее настроение. Мы собрали на праздник ребят из 17 районов и трех городов нашей области, – рассказала «АП» заместитель руководителя облуправления образования Ботакоз Дюсенова. – В первый день на базе «Сункара» была организована специальная развлекательная программа: дети катались на лыжах, коньках, играли в футбол, волейбол,

посетили бассейн, а вечером их ждал праздничный ужин.

«На 100 тысяч тенге, подаренные детям, их родители смогут приобрести необходимые вещи. Раньше мы централизованно приобретали одежду и вещи для детей. Но не всегда ребятам нравились подарки, или бывало, что не подходили размеры одежды или обуви. Последние 4 года денежные средства отправляются на счет ребенка. Родители действуют по своему усмотрению: покупают смартфон, или добавляют средства

и приобретают ноутбук, обновляют зимние вещи и обувь», – пояснила Ботакоз Дюсенова.

– Я в образе Тучки, карнавальный костюм очень долго делали с бабушкой и мамой, особенно сложно было изготовить облако. Получила прекрасные эмоции, надеюсь на новую встречу! – поделилась ученица 8 класса ОСШ села Аккайын Буландынского района Аружан Жанабаева.

– Хотим выразить благодарность всем организаторам праздничного представления, облуправлению образования, которые подарили нам целых два праздничных дня! Глаза детей светятся радостью, и я очень рада за них! – подчеркнула заместитель директора по воспитательной работе ОШ села Свободное Есылыского района Галина Мутафиди. – Хочу отметить: в «Сункаре» наших детей разместили в теплых, уютных комнатах, предоставили разнообразное питание, фрукты, напитки. В дорогу снабдили сухими пайками.

После веселых игр юные акмолинцы дружно отправились домой – рассказывать о своих впечатлениях...

**В. БУРДА, «Акмолинская правда».**

## БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ, ОБРЕТЩАЯ ОСОБЫЙ СМЫСЛ

Последние числа декабря – не только отличное время для подведения итогов, но и прекрасный повод сделать добрые дела, подарить кому-то радость и создать настоящее новогоднее настроение.

С прошлого года в районе появилась хорошая традиция – накануне Нового года проводить благотворительный вечер: собирать вместе граждански активных руководителей, которые готовы участвовать в полезных инициативах.

«Благотворительность со смыслом» – именно такое название получило благотворительное мероприятие этого года, организованное ТОО «Логос Грейн» и КФ «Фонд устойчивого развития сельских территорий Буландынского района». И название это неслучайное, ведь хорошие начинания – это словно зернышко пшеницы, которое с заботой вложено в плодородную почву, через время, вобрав энергию солнечных лучей, оно созревает и превращается в огромный колос, который и является символом достатка и изобилия. Доброта и милосердие, подобны этому зернышку, должны расти, распространяясь вокруг и делая этот мир лучше. Ведь с одного шага начинается путь.

Вообще, изначально были определены основные цели встречи. Это: презентация социальных проектов, реализованных в течение года в районе; награждение лучших аграриев района по трем номинациям; сбор денежных средств на нужды уязвимых слоев населения.

Так вот, открыло мероприятие выступление руководителя Корпоративного Фонда Бахтияра Дюсебекова, который рассказал об очень интересном проекте по развитию робототехники в школах района при содействии фонда. Уже обозначена опорная школа, куда будут направляться ресурсы, а дети будут посещать эту школу и приобретать навыки в конструировании, программировании и электронике. Это направление очень важно для развития у детей творческого, инженерного и креативного мышления, поэтому сегодня надо ставить задачу как можно больше охватить школьников для занятий робототехникой. Вниманию гостей вечера был презентован стол робототехники с двумя наборами от Всемирного сообщества робототехники First Lego League. Один такой комплект был приобретен ТОО «Журавлёвка-1» в Капитоновскую общеобразовательную школу. И здесь же, прямо на вечер, ещё один комплект для Никольской ОШ приобрел руководитель ТОО «Шаруа-Кокше», депутат район-

ного маслихата Сагадат Кабикенов.

И это стало началом широких благотворительных жестов. Известный в районе меценат, предприниматель, общественник Турлубек Булатов, глава крестьянского хозяйства «Рамазанов», также постоянный спонсор мероприятий на селе Кайрат Рамазанов вместе с депутатским корпусом районного маслихата приобрели 200 новогодних кулчков в оригинальной форме игрушки для учеников из уязвимых семей городских школ. Вырученные средства, а это 600 тысяч тенге, направят на приобретение спортивных матов в Дом детского творчества и досуга, для секции борьбы.

Также в поддержку нуждается социальный театр при Центре детского творчества и досуга под руководством Натальи Моргуновой. Это направление в театральном искусстве, акцентирующее внимание на острых общественных проблемах. А актерами театра выступает наша учащаяся молодежь.

Следует сказать, что погода внесла свои коррективы в день проведения вечера: многие аграрии не смогли приехать из-за метели, поэтому традиционная продажа лотов через аукцион была отложена.

